


*Аудандық*


*орталық*

*кітапхана*



**КІТАПХАНА СӨРЕСІНДЕ ЖАҢА КІТАПТАР!**

*/ұсыныстық тізім/*



*Отырар, 2023*

**«Кітапхана сөресінде жаңа кітаптар» [ұсыныстық тізім] Отырар аудандық орталық кітапхана; құрастырған: Р.Мақтабекова, редактор: Р.Пернебаева, жауапты: А.Рыскелді – Отырар.**

## **Көркем әдебиеттер керуені**

**Ақдәулетұлы М.**

**Таңдамалы. 5 томдық. 1 – том.** /Мейірхан Ақдәулетұлы. – Алматы: «Керемет медиа», 2022. Т. 1. – 400 бет.

Қазақстан республикасы Президенті сыйлығының, «Ерен еңбегі үшін» медалі мен «Құрмет» орденінің иегері Мейірхан Ақдәулетұлының шығармашылығы әдеби-мәдени, кәсіби деңгейі өте жоғары, қалың оқырманның ерекше қызығушылығын тудырған дүниелерден, елге кеңінен танымал еңбектер. Ақынның бес томдық таңдамалы жинағының бірінші томына өлеңдері мен А.Ахматова, А.Вознесенский, т.б. ақындардың көркем аудармалары енгізіліп отыр.

Кітап жалпы жұртшылыққа арналған.

**Асан Ақерке**

**Айша бибі: Өлеңдер, балладалар / Ақерке Асан.** – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 160 б.

Жас ақын Ақерке Асанның «Айша бибі» жыр жинағына бұрын жарияланбаған жаңа өлеңдері топтастырылған. Өлеңдерінің дені жастық, махаббат тақырыптарына құрылғанымен, туған жер, өскен орта алдындағы перзенттік парызын жырларына өрнектей білген автордың бұл жинағы көпшілік оқырманнаң көңілінен шығады деген ойдамыз.

**Ахметжанқызы Л.Ә.**

**Дәстүр даналығы: ғылыми-танымдық әдебиет /**  
Ләйлім Ахметжанқызы. – Алматы: «Дәуір», 2022. – 240 бет.

Кітапта негізінен, қазақ халқы үшін рухани құндылықтың бастауы болған салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың бүгінгі қоғамдағы рөлі мен маңыздылығы туралы айтылды. Шығармада бала тәрбиесінен бастап отбасылық, достық, ағайындық қарым-қатынастың дұрыс қалыптасуына арқау болған қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары көрініс тапқан.

**Әлжантегі Т.**

**Ебіл-дебіл дүние: Хикаяттар / Төкен Әлжантегі.** – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», - 2022 – 336 б.

Кітапқа енген «Бақыр басты еркек», «Алма кезек дүние», «Шеңбер», «Сергелдең» секілді хикаяттардың барлығы да бүгінгі күн тақырыбына арналған. Автор хикаяттарында заман тынысы, өмір ақиқатын көркем тілмен шынайы суреттеп, оқырмандарын ойлануға шақырады. Әр туындының оқиғасы қанық, желісі шымыр.

**Әлімжан Е.А.**

**Алтын жүлге жыры:** Роман / Елен Әлімжан – Алматы: «Дәуір», 2022.  
– 288 бет.

Белгілі жазушы Елен Әлімжанның «Алтын жүлге жыры» атты жаңа романы қазақ әдебиетінде көп көрініс бермеген гуманитарлық сала ғалымдарының социалистік шеңбердегі өмірі мен отарлық идеология найзасының ұшында жүріп жазған еңбектерінің талан-тағдырын арқау еткен интеллектуалды туынды. «Алтын жүлге жыры» - қалам иелерінің әділетті қоғам үшін күрес жыры.

Кітап барша оқырман қауымға арналған.

**Байдәулет Қ.**

**«Танымал әннің тарихы».** – «Алматы-Болашақ» АҚ, 2022. – 352 бет.

Кітапта «Айқын» газетінің бетінде 2007-2009 жылдары жарияланған 100 танымал әннің тарихы баяндалады.

Әр әннің өз тарихы бар. Кітап танымал туындылар тарихын зерттеп, зерделеумен құнды. Журналист өз еңбегінде ән қай жылы жарыққа шығып, көпшілікке қалай таралғанын әңгімелейді. Автор мен орындаушының ой-естелігімен, қызықты тағдырымен бөліседі.

Кітап барша оқырман қауымға арналады.

**Болатханова Б.**

**«Менің жасыл әлемім»:** әңгімелер, ертегілер мен хикаяттар / Баян Болатханова. – Алматы: «Molia & DOS» ЖШС баспасы, 2022. – 256 бет.

Жаңа кітабында жазушының балалар мен жасөспірімдерге арналған әңгімелері мен ертегілері, хикаяттары топтасырылған. Тілі тартымды, сөзбен салған суреттердің бояуы қанық, ойы жүйрік. Тұщынып оқитыныңызға сенеміз, сүйікті оқырман!

**Жақсыбаев А.**

**Иса ақын:** роман (1-кітап) / Ахат Жақсыбаев. – Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, 2022.

Жазушы Ахат Жақсыбаев «Иса ақын» романының бірінші кітабында қазақ поэзиясының аса көрнекті өкілі Иса Байзақовтың балалық шағын, жастық дәуренін, ақын болып қалыптаса бастаған кезеңін қамтиды.

## **Жанапиянова Ж.К.**

**АНА. Әңгімелер жинағы / Жанар Жанапиянова.** – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2022. – 240 бет.

Кітаптың Ана деп аталуының себебі барлық тіршілік көзі анадан тарайды. Үш қана әріптен тұратын сөздің мағынасы әр адамға қастерлі. Кітапта қарапайым қазақ аналарының өмірі бейнеленген. Әңгімелер жинағы өмірдегі отының өшпеуін, бақытының көшпеуін, шаңырағының құламауын тілейтін Аналар туралы.

## **Күмісбайұлы Ш.**

**Көне күмбездің сыры. Хикаяттар мен әңгімелер/ Шәкен Күмісбайұлы.** – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 384 бет.

Көрнекті қаламгер Шәкен Күмісбайұлының бұл жинағына ұрпақ сабақтастығы, атадан-балаға ауысып келе жатқан салт-дәстүр сабақтастығы, туған ел, туған жерге деген сүйіспеншілік, жас өскінге тәлім-тәрбие беретін дәм-тұзы қанық дүниелері топтастырылып отыр.

Жасаулы жинақ ой-санасы сергек қалың қауымға арналған.

## **Құнапияқызы М.**

**Көңіл құсы: Олеңдер, поэмалар, баллада / Мағиза Құнапияқызы.** – Алматы: «Дәуір», 2022. – 224 б.

Жыр жинағы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімге топтастырылған лирикалық өлеңдерінде ақын атамекен, туған елге деген перзенттік махаббатын терең тебіреніспен жыр кестесіне түсіреді. Екінші бөлімде «Қыл кепеш», «Толғатқан құм», «Арман сыры», «Жүрек тас» атты поэмалары мен ортақ желіге құрылған балладалары берілген.

Жинақ көпшілік қауымға арналған.

## **Оспан Ж.**

**Бұлақ басынан тұнады: Эссе, портрет, мақалалар / Жомарт Оспан.** – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 272 бет.

Кітапқа қаламгердің соңғы жылдары мерзімдік басылымдарда жарық көрген танымдық материалдары, жеке адамдар туралы мақалалары, әр кезеңдегі елеулі тұлғалар туралы толғаныстары топтастырылған. Кезінде оқырман жұртшылықтың ықыласына бөленген туындылар жеңіл оқылады, жүрекке жылы әсер қалдырады.

## **Рамазан Д.Ә.**

**Дәрмене:** көсемсөз, әдеби сын, тарихи зерттеулер / Думан Рамазан. – Алматы: «Дәуір» 2022. – 528 бет.

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, талантты қаламгер Думан Рамазанның бұл жаңа жинағына ел, жер, ұлт, мемлекет, тіл, дін, діл қатарлы тақырыптарды қамтыған көсемсөздік мақалалары һәм тарихи зерттеулері, әдеби сындары, жолжазбалары мен аудармалары топтастырылған.

## **Тәжмағамбетова М.**

**Құрақ көрпе:** Өлеңдер, поэмалар, баллада / Мақпал Тәжмағамбетова – Алматы: «Дәуір», 2022. – 216 бет.

«Құрақ көрпе» - талантты ақын Мақпал Тәжмағамбетованың алтыншы жыр жинағы. Бұл кітапқа кейінгі жылдары жазған жырлары топтастырылып отыр. Өрнекті тіл, образды ой, сезім тазалығы Мақпал өлеңдерінің өзегі десе болады.

Туған жер, өмір, сапар саздары, табиғат пен махаббат лирикасы, балладалары оның ойымен оқырман жүрегін баурап алатыны сөзсіз. Бұл жинақ – ақынның тың өрісі, жаңа белесі.

## **Тойбек Жұлдыз**

**«Руханият».** – «Алматы-Болашақ» АҚ баспасы, 2022. – 432 бет.

Белгілі қаламгер – ақын Жұлдыз Тойбектің Бұл кітабына елдің рухани дамуы мен кемелденуіне мәдениет, өне, ғылым, білім саласында шығармашылық тұрғыдан ерекше үлес қосқан қайраткерлердің ұшан-теңіз еңбегі арқау болады. Ұлттық дәстүрді дәріштеу, тіл, дін жайында жазылған дүниелер оқырманды қызықтырады.

Кітаптың иілі көркем, шұрайлы.

## **Түменбай Қ.Е.**

**Хикаяттар мен әңгімелер / Қуандық Түменбай** – Алматы: «Дәуір», 2022. – 320 бет.

Танымал ждазушы Қуандық Түменбайдың бұл жаңа жинағындағы шығармаларға тәуелсіздік кезеңіндегі ұлт мінез-құлқының өзгеруі мен олардың жаңаша тұрмыс-тіршілігі арқау болған. Сондай-ақ, Ауған соғысы мен БАМ-ға барған қазақ жастарының өмірі, желтоқсаншыдар тағдыры да қамтылған.

## **Шамұратова Ж.**

**Айтылмаған сыр.** / Жадыра Шамұратова. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 344 бет.

Бұл мерзімді басылым беттерінде жарияланған туындыларымен ерте танылған Жадыра Шамұратованың алғашқы прозалық туындысы.

Жинақта адамдар бойындағы парасаттылық пен адамгершілікке үндейтін шығармаларының оқиғалары көркем тілмен бейнеленіп, шиеленісті өрбіп отырады.


Кітап көпшілік оқырманға арналған.

## **Файзолла А.**

**Жүрек – аспанымның жұлдызы:** Өлеңдер:, балладалар, аудармалар / Алпамыс Файзолла. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2022. – 144 бет.

Автор бұл жыр кітабында өзіндік қолтаңбасымен танылады. Өлеңдерінде қандай тақырыпты көтерсе де сол мәселенің түп-тамырына барынша баруға, маңыздылығын мейлінше жан-жақты ашып көрсетуге бар болмысымен ұмтылады. Автордың осындай ізденімпаздығы оқырманның жан сарайын сүйсінтіп, кітаптың құндылығын арттыра түседі.

Кітап көпшілік қауымға арналған.



**Мекен жайымыз:**

Н. Оңдасынов көшесі, 2  
Аудандық орталық кітапхана  
Сымтетік:77-5-78

Электронды пошта: [Otrar\\_kitap@mail.ru](mailto:Otrar_kitap@mail.ru)